

13 Тамыз
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ЖАҢА ҮЙЛЕРГЕ ЖОЛ САЛЫНДЫ

СУ ТАСҚЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫС АУДАНЫНДА АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҮГІНГІ КҮНІ "ЗАПКАЗПРОМСТРОЙ" ЖШС-І ЖОЛДЫҢ АСФАЛТ ЖАБЫНДЫСЫНЫҢ ТӘСЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДЕ. КӨШЕНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ - 3,5 КМ. ЖОБА АЯСЫНДА ТРОТУАР, ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІН ОРНАТУ, СУ ӨТКІЗУ ҚҰБЫРЛАРЫ ДА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.



„ЖАҢА БЕЛЕСТЕГІ ЖАСТАР“ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР ФОРУМЫ

12 ТАМЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІНЕ ОРАЙ, «ЖАҢА БЕЛЕСТЕГІ ЖАСТАР» АТТЫ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР ФОРУМЫ ӨТТІ. ФОРУМҒА АУДАНЫҢ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРІ, БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫ, БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТИҢ ЖАСТАРЫ ҚАТЫСТЫ.



"Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында өткен форумда алдымен «Ауыл аманаты» жобасының жас қатысушыларының өнімдері мен жас кәсіпкерлердің өнім - бұйымдар көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде қолөнер шеберлерінің әртүрлі заттардан жасаған туындылары өзіндік ерекшелігімен көз тартты. Форумда жас кәсіпкерлерге аудан әкімінің алғыс хаты мен естелік сыйлықтар табысталды. Ал көктемгі су тасқыны кезінде белсенділік танытқан жастарға Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мирхан Ермағанбетов пен Ойыл аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің алғыс хаты табысталды. Біздің елімізде жас кәсіпкерлерге әрдайым көңіл бөлініп, істеріне қолдау жасалады. Осы қолдауды сезінген жас буын қоғамдық жұмыстарға үнемі белсене атсалысып, өздерінің алған білімі мен тәжірибелерін іс жүзінде көрсетуде. Бұл орайда аудан жастарының күнін атап өту арқылы қоғамның қозғаушы күшіне айналған жастардың осы бір кәсіпкерлік бағыттағы белсенділігін арттыру көзделген. Атап кетсек, форум аясында 40 жас ынталандырылып, марапатталды.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ «ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ» КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ АУДАНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Аудан басшысы оларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ауданда осы салада жеткен жетістіктеріне мереке иелерінің үлесі зор екендігін жеткізді. Қабилдауда ауданның құрылыс саласының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарға аудан әкімінің «Алғыс хаты» мен естелік сыйлығы табысталды. Тарқатып айтсақ, «MasterCommLogistics» ЖШС, «Муканов и К» ЖШС мердігерлеріне, сондай-ақ «Кереге 2023» ЖШС учаске бастығы Әділбек Надралиев, «Кереге 2023» ЖШС қызметкері Берген Жөкешов, «BNB STROY GROUP» қызметкері Думан

Кенбаев, «Муканов и К» ЖШС учаске бастығы Сейтжан Сүйіндіков, «Комрад» ЖШС учаске бастығы Серікбай Ильясов, «Master CommLogistics» ЖШС учаске бастығы Алпамыс Жаржанов сынды азаматтар марапатталды. Бұдан өзге де аудан басшысы бастысы халықтың игілігіне берілетін нысандардың құрылысын сапалы жүргізудің маңызын айтып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Марапат иелері мереке қарсаңында назардан тыс қалдырмай құрмет көрсеткен аудан басшысына алғыстарын жеткізіп, ауданның дамуына өз тілектерін білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫН ЖОЮ

СУ ТАСҚЫНЫН ЗАРДАП ШЕККЕН 5 239 ОТБАСЫҒА АРНАЙЫ САЛЫНҒАН ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНҒАН ҮЙЛЕР МЕН ПӘТЕРЛЕР ТАБЫСТАЛДЫ

ӨТЕМАҚЫЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР	ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ
100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем 34 216 → 12,6 млрд теңге	Қираған баспанасының орнына берілген жаңа үй мен пәтерлер 4769
Жоғалған ең қажетті заттарын сатып алуға 150 АЕК дейін төлем 21 869 → 9,9 млрд теңге	Зардап шеккен азаматтар үшін 2 568 салу 470 кілті иелеріне берілді
Баспананы жөндеуге өтемақы 8 853 → 49,3 млрд теңге	ЗАРДАП ШЕККЕН БИЗНЕСКЕ КЕЛТІРІЛГЕН ШЫҒЫНДЫ ӨТЕУ
Суға кеткен мал үшін өтемақы көлемі >2,8 млрд теңге	Өңірлік комиссиялар 455 өтінімді 7,9 млрд теңге мақұлдады

Су тасқынынан зардап шеккен 5 239 отбасыға арнайы салынған және сатып алынған үйлер мен пәтерлер берілді. Үкімет су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға тұрғын үй салу және сатып алу, сондай-ақ оларға жан-жақты көмек көрсету бойынша өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстауда. Қираған баспанасының орнына 4769 отбасы жаңа үйлер мен пәтерлерге ие болды. Сонымен қатар зардап шеккен өңірлерде 2568 жаңа үйдің құрылысы қарқынды түрде жүргізіліп жатыр, оның ішінде 470 нысан бойынша жұмыстар толығымен аяқталып, тұрғындарға кілттер табысталды. Солтүстік Қазақстан облысында құрылысы аяқталған 285 үй, Қостанай облысында – 57, Батыс Қазақстан облысында – 80, Ақтөбе облысында – 43 және Павлодар облысында – 5 үй

пайдалануға берілді. Барлық облыста су басқан тұрғын үйлерді тексеру және бағалау жұмыстары 100% аяқталды. Жалпы сомасы 49,3 млрд теңгеге 8 853 отбасы тұрғын үйді жөндеуге және қалпына келтіруге тиісті төлем алды. 34 216 отбасыға 12,6 млрд теңгеге 100 АЕК мөлшерінде біржолғы өтемақы төленді. Сондай-ақ жоғалған бірінші қажеттіліктегі заттарын сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейін қосымша төлемдер берілуде. Бүгінгі таңда 9,9 млрд теңгеге 21 869 отбасы осындай көмек алды. Зардап шеккен бизнеске келтірілген залалды өтеу жұмыстары жалғасуда. Өңірлік комиссиялар жалпы сомасы 7,9 млрд теңгеге ШОБ субъектілерінің 455 өтінімін қарап, мақұлдады. Суға кеткен мал үшін берілген мемлекеттік көмек көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.

«АУТОВЕ ЖАСТАРҒА»

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ



Бұл тұрғын үй бағдарламасына Ақтөбе өңірінің 35 жасқа дейінгі жастары қатыса алады. Сондай-ақ, өз атында баспанасы жоқ аудандық және ауылдық деңгейде жұмыс істейтін жастарға мүмкіндік

беріледі. Тұрғын үй бағдарламасын іске асыруға 1 млрд. теңге бөлінді, оның 500 млн. теңгесі - жергілікті бюджеттен. Жыл соңына дейін 100-ге жуық адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланады.

МАҒЫШ АЯТХАНУЛЫ.

КЕТПЕС — БІРЫСТЫҢ КЕТПЕСІ

Маусым айының орта шені. Биыл қыста жауған қалың қар мен мамырдың соңындағы екі тәулікке жалғасқан ақ жауын жер ананың емшегін иітіп, көктің шығуын ерекше қаулатып жіберді. Көктемнен әуірімдеп шығып жазға ілінген малдың жайылымы кеңіп, көкке тойып, қарны кампиған, малшылардың арқасынан жүк түсіп, көңілдері көншіп жадыраған шақ.

Жыланды жағасының көктеуі тым ерекше. Мұнда кеше ғана Ұлтарак байдың ауылы Шәкеннен көшіп келген. Ауылдың жігіт-желеңі қазық қағып, желіні тартып болып, құлын ұстауға кіріскен. Қыз-келіншектер желі басына дастарқан жайып, оның үстін жас ірімшік, құрт, сары май, бауырсақпен толтырған. Ауылдың үлкендерін шақырып әкеп, дастарқанды жағалай отырғызып, шай ұсынып құрмет көрсетіп жатыр. Жасы үлкен әже желінің қазығына ақтық байлап, «байланыр құлын көп болсын, ішетін қымыз көл болсын» деп батасын берді. Жұмахан қамыс құлақ, майда жал торы айғырды жетектеп келіп еді, Ұлтарак орнынан тұрып барып, оның маңдайына май жағып, «жануар маңдайың жарық болсын, үйірің жорға мен жүйрікке толысын» деп шын тілегін білдіріп, бетін сипады.

Ұлтекеңнің малшы, жалшылары өткен жаздың қуаңшылығы кезінде бес түлікті қар суы кетпейтін, мал тұяғы жетпейтін алыс дараларға шығарып, ала жаздай отарда болғаны нәтижесін беріп, тай, торпағына дейін жақсы тойынды. Күз түсе жердің алыстығына қарамай, жайылымының шүйгінін қуалатып, барлық малын Үш Ойғырдың басына салды. Қыс басталысымен малшыларының қосын түйеге артырып, жылы тері киімдерін тіктіріп киізіп, соғымға соятын малдарын көрсетіп, Шүй мен Ногоон нуурдың түңкелі жайлымына қорада шү қалтырмай айтқанды дұрыс шешім болды. Осылардың арқасында бес түлігі қыстан жұтамай аман шығып, оған биылғы төл қосылып, малының топаны бұрыңғысын да көзге көрінерліктей молайып қалған. Бұған ішінен шүкіршілік айтып, Алла тағаланың жарылқағанына көңілі көншіп, естілер естілмес «әумин» деген.

Ұлтарак Жыландының суына қолы мен бетін шайып болды да ауылдың алдындағы доңғылға шығып, орындық тасқа жайғасты. Байекең бұл тасқа үнемі келе бермейді. Ойға батқан, көңілі құлазыған, жаны тебіреніп тағат тапаған кездерінде осында келіп отырып, мәселенің түйінін жан-жақты ойлап тартатын әдеті бар. Бүгін де сондай қысылтаяң күрделі жағдай орын алған секілді. Алдымен айналасына көз жіберіп, маңайындағы ауылдардың тірлігіне назар аударды. Былтырғы жазда жерге бір тамшы жаңбыр тамбай орасан қуаңшылық болып, оған қыстың қызыл шұнақ аязы ұзаққа созылып, қоң алып тойынбаған мал қытымыр суыққа төзе алмай өліп, ауылдың көбінің қорасы орталап қалған. Ал, биылғы жаз нұрын төгіп, рақымын аямай-ақ беріп тұр. Жаздың осындай жайдарлығы өткен жылдың қыспағын ұмытыра бастағанмен, оның ауыр салдары көзге тұрмақтай әлі көрінеді. Қосақтамақ тұр ғой, балаларға ұстатып сауатын санаулы ұсағы жоқ, емшегін тартар бір де сиыры қалмаған шаңырақтар аз емес. Атан

өгіздің мүйізі үсіп тұғылынан опырылып түскенді де көріп, бас аман болсын айтып отырғандар жетіп артылады. Бес түліктің бағым-күтімін ескермей, бұрынғы әдетінше жайлап, қыстағандар мал шығынына белшесінен батып, кейбіреуі бас көтермей, стей болып кедейленген. Қой өріп, сиыр сауылып айдалғаннан кейін көген мен үйшіктен шығарылатын қозы, лақ пен бұзау торпақтың топаны мардымды емес, тобы аса аз, санаулы ғана. Олардың артынан өріп қайыратын балалар түгел дерлік жаяу қалған. «Жұт жеті ағайынды» дегенің нақтылы рас екеніне Ұлтекең бай әбден қаңқыты.

Ұлтекең көзге жылы, қатынасы түзу, қарапайым, жомарт адам. Сұратпай-ақ, жалындырмай-ақ кедей-кепшіге, жесір-жетімге үнемі қол ұшын беріп тұратын кеңпейіл жан. Оның осы қасиеттерін қарақұрым халық аса жоғары бағалайды, иіле құрметтейді және қадір тұтады. Байекең бұны жақсы түсінеді және осы абырой тұсынан айырылғысы келмейді. Әрқашан көмегін тигізіп, қажетті іс шараларды қабылдап, қамқорлық жасайтын ақылды манап ақсақал. Осылардың барлығын ой елегінен өткізіп, орындық тастан тұрып, үйіне қарай ақырын аяндады.

Келіннің мыс шәугімге қайнатып, қаймақ салып құйған ою шайын ішіп, қоламтаға көміп пісірген жылы нанға май жағып жел елденіп алды. Онымен бірге бәйбішесі де қалыспай ішіп жел отырды. Шай ішіліп болып, дастарқан жиылған соң Ұлтекең:

- Келін шырағым, өзіміздің бала-шағалардың барлығын, оларға қоса бірге отырған ағайын-туыстардың, қойшы-қолаңшылардың және жылқышылардың үй ішін түгелдей осында шақырып кел! — деді.

Атасының айтқанын екі етіп көрмеген келін үйден жүгіре шығып, барлық көршілерінің есігін ашып, үлкен үйге тез жиналуларын сұрады. Шақырылғандардың барлығы сегіз қанат ақ үйдің төрі мен оң жағына иін тіресе келіп жайғасып болды. Байекең келушілерді түгендей жіті қарап шықты да қоңыр даусымен:

- Менің ұлдарым мен келіндерім, ағайын-туыстарым, тонның ішкі бауындай етене жақын жүрген көршілерім! Сендер, барлықтарың маңайымыздағы ел-жұрттың тірлігін көзбен көріп, құлақпен естіп жақсы біліп отырсыңдар. «Есегім судан өтті болды деме» деген. Тілеуіміз бір, тағдырымыз ортақ елміз ғой. Біздің жақсы жүргеніміз осылардың арқасы жердің киесі мен елдің қасиетінің рақымы. Бұлдарды батпаққа белшесінен батырып тастамайық, шама-шарқымызға қарай қол ұшын беріп көмектесейік деп шешім қабылдап отырмын. Қәне, сендер не айтасыңдар? — деп тоқтады.

Ұлтекеңнің айтқандарын ұйып тындап отырғандар түгелдей бастарын изеп, «жөн екен» деген кейіп танытты. Ұлтаракпен көп жылдар бірге жүрген, дәм тұздары араласқандай-ақ араласқан жасы үлкен ақсақал:

- Байеке, сонда қандай-қандай жомарттық танытқалы отырсыз? Осы жайында сіздің ойыңызды тыңдайық? — деп байсалды сұрады. Біраз дамылдағаннан кейін Ұлтарак бай денесін қомдап,

кеудесін көтеріңкі ұстап былай деді:

- Ағайын туыс, көрші-қолаң, тіпті ана жат жұрт - тувалардың да еңсесі түскен, көңіл күйлері жабыңқы, бөз біреуі бұл жалғаннан түңіліп, ес-ақылын жинай алмай, жүдеп-жадап, азып-тозып жүргенін анық көріп отырмыз. Осы өлкенің бұқара қауымын шақырып, тілеу шай өткізейік, жабыққан көңілдерін бір сәт болса да көтерейік! Аз-мұз болса да қол ұшын беріп, еңселерін тіктетуге тырсайық, бұл бір. Ал екінші, осы тілеу шайда азын-аулақ малды сауынға беретінімізді айтайық. Сауынсыз қалғандар алған малының сүтін шайдарына қатық қылсын. Кедей-кепшік, жетім-жесірлер сол малдарын қыстай бағып, жазғытұрым төлдетсін. Төлдеген соң берген малымызды төлімен түгел қайтарып аламыз. Ал серкештерін, тоқтыларын, торпақтарын баққандар өздеріне қалтырып малдансын, ары қарай өсіріп көбейтсін! Енді барлықтарың дайындық жұмысына кірісіңдер, шаруаларыңды бөлісіп алып, тыңғылықты атқарыңдар!

Байекеңнің қара шаңырағына шақырылып келіп отырғандар түгелдей «әумин, қабыл болысын, жөн екен» десіп үйді-үйлеріне тарасты.

Арада бір апта өткенде тілеу шай науқаны басталып кетті. Қыр-ойдан, танитын-танымайтың, шақырылған-шақырылмаған адамдар топ-тобымен Ұлтарак байдың ауылына ағылды. Бала-шағалардың да топаны мол болды. Келгендердің біреуін қалдырмай, алдынала арнайы тігіп дайындаған үйлерге кіргізіп жайғастырды. Алдымен дастарқан жайылып, оның үстін биылғы жас құрт, ірімшікпен толтырып, олардың арасына иісі мүңкің сары майды кеселерге салып үш төрт жерге тарттырды. Бояуын шығарып қайнатқан шайды ішкен кемпір-кешектер мен шал-шабқыттардың самайынан тер ағып, онысын жеңдерімен сүртіп қойып, әлі де құя берсе екен деген түйсік байқалып-ақ тұрды. Орта құрсақ балалар әжесі мен шешесінің жеңінен тартып, құлағына сыбырлап, «нананы, мынаны алып бер» деп мазаларын алып, тыныштықтарын бұзу жалпылай аңғарылады. Ұлтекең өзі араласып, қысыр бие, жоны таймаған еркек қой сойдырып, олардың етінен түгін де қалтырмай барлығын астырған. Қонақтардың қолына жылы су құйып, орамал беріп жүрген ұлдар мен қыздарға үлкендер «тәңір жалғасын, таудай үлкен азамат бол» деп баталарын беріп, жастарды риза болдырып жатыр. Оң жақ босағаға таяу тұрған байдың кенже ұлы:

- Әумин, ата бата беріңіз? — деп төрде отырған, сәлдеді ақбұрыл қарияны меңзеді. Ақсақал дереу қолын жайып:

- Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің. Ұлтекең сынды манапқа, Ақ тілекті төгейін.

О, құдайым ондасын, Оң жолына бастасын... - деп тоқтамай шұбыртып ала жөнелді. Бата біткен соң «әумин, аллаһу-акбар» деп бетін сипады. Басқа отырғандар да жамырай «әумин, қабыл болсын» айтысып, жамағатқа жалбарынып жатты.

Тілеуге келген көпшілік етке сылқия тойды, тегенедегі еттер толық кесілмей, мол мажуырымен қалып жатты. Бес-алты жасар қыз «әже мына етті ертең жейінші» деп,

бешпетінің қалтасына шала туралған тоқбас жілікті сүңгітіп жіберді. Оны қарап тұрған кішкене ұл бір түйір етті алып, тақиясына салды да үйден шығып кетті.

Ұлтарак бай қолымен жер тіреп отырған орынынан ақырын көтерілді де, тамағын кенеп сөйлей жөнелді:

- Уа, көпшілік қауым! Біздің шағын тілеу шайымызға келгендеріңізге алғысым шексіз. Өткен қыстың жұты барлығымызға салмақ салғаны рас. Мал жұтағанымен бас аман қалдық, шүкіршілік айтайық. Алланың алары болса, берері де болатынына сенейік. Міне, жадырап жаз шықты, жердің көктеуі жақсы, қолда аман қалған бес-он малымызды дұрыс жайып, жөнімен бағып, семіртуді ойлайық. Қолында аша тұяқ қалмағандар да бар екенін көріп отырмыз. Көмекке зәру жандарға аз-мұздаған малды сауынға беріп, қара шай ішпей отырсын деп шешім қабылдадым. Ертең, бүрсікүндері келіп сол малдарды алыңыздар, оларды қайтып бағып, қалай қайтаратындарыңды кезінде балалар айта жатар, — деп жиналған халыққа жайдары қарады.

Жиналғандардың ішінде кейбіреулерінің жанарынан еріксіз жас домалап, қайсы бірінің жүзіне қан жүгіріп, күлкі үйіріліп жатқаны байқалады. Бір қария көне ұшпақ тымағын қолына ұстай тұрып:

- Байеке, ризашылығымды қалай білдіретінімді білмей тұрмын. Сіздің істеген жақсылығыңызды біз қайтара алмаймыз ғой, Алла тағаладан қайтсын деп тілейміз. Сіздің мәрттігіңіз бен көрегендігіңізге тағы бір мәрте риза болдық. «Кемедегіңіз тілеуі бір деп» біз пақырларды жаныңыздан бір елі де тастамай сүйреп келесіз. Жаратқан ием сізге ұзақ ғұмыр жас берсін, бағыңыздайдырмасын! — деп отыра кетті.

Бес түлік малдың тек бір түлігіне ғана ауыру тиіп, дардай зардап шектіретін жылдар болатыны өткен өмірден мәлімі. Осындай бір жыл Жыланды өлкесінде жайлайтын ауылдарды аттап өтпеді. Былтыр жазда құлын мен тай-жабағыларға сақау мен маңқа тиді. Жуан аттар мен мама биелер, үйір қайырган семіз айғырлар тұшқаншық пен түйнек ауруларына шалдықты. Көктемде пішілген құнан, дөнендердің ұмасы қабынып, іріндейтін дерт тағы пайда болды. Бұл жетпей қалғандай жаратып, баптап отырған сәйгүліктерге ноқала жабысып, бәйгеге қосылмай обалды-ақ болды. Осылардың салдарынан балалардың үйретіп мініп, мал жаятын тайлардың саны күрт азайып, жасөспірімдер қозы, лақты жаяу қайыратын жағдайға жетті.

Ұлтарак бай әдетінше доңғылдағы орындық тасқа келіп отырғанына шамалы уақыт өтті. Төңірекке көз тігіп, онда болып жатқан оқиғалар мен атқарылып жатқан қарақаттерге тесіле қарап қояды. Жеті-сегіз жасар ұл мен бес-алты жасар қыз тастан үй тігіп ойнап отырып, қозы, лақтарының жайыла- жайыла ұзаққырап кеткенін байқамады. Өрістегі еңелерінің маңыраған даусын алыстан танып, солай қарай бір-ақ жүгірді. Жағдайды енді ғана байқаған екі бала ойындарын тастай, жүректерін қолына ұстай зырылдағанымен қозы, лаққа жете алмады. Олар жеткенде төлдер әлде қашан еңелерімен табысып еміп те үлгерген еді. «Кішке-

не ұл мен қыз әкесі мен шешесінен сөз естиді-ау, таяқ та жейтін шығар. Ол түкте емес, ең қиыны бүгін кешке ішетін сүт қоқ, қарындары ашатын болды-ау» деген оймен уайымдап, қабағын шытқан байекең орынынан тұрды. Байекең өз үйінен өте шығып, бас жылқышысінікіне тура тартты. Жұмахан жылқышы Ұлтекеңге сәлем беріп қарсы алды, төрге шығарып отырғанын айтып. Жұмаханнның әйелі Қабира шай дайындап құрақ ұшып жүр. Ұлтекең мен Жұмахан әл-сәтте кеңеске кірісіп кетті. Жұмахан жылқының аман есен шұрайлы жайылымыда бағылып жатқанын, жердің көктеуі төтенше екенін, биылғы туған құлындардың қарақұлақтанып өсіп қалғанын, тайлардың жүні түсіп, көтеріле бастағанын Байекеңге толық баяндап берді.

Бас жылқышысының айтқандарына көңілі көншіп, жүзі жадыраған кезде дастарқан жайылып, шай құйыла бастады. Жұмахан кеседегі шайын қолына алып, бір-екі ұрттады да, сөзін ары қарай сабақтай түсіп:

- Үлкен қара айғырдың үйірін Шолақ дараға жеке салғанбыз. Алдыңғы күні төңертең, күн ұясынан жаңа ғана көтеріле берген шақта осы үйірінде жағдайын білгелі әдейі барған едім. Қара айғыр сүмек болып терлеп, үйірінен шашау шығармай қайырып жүргенін көріп, бір жағдай туындағанын пайымдадым. Үйірден алыс емес бұтаның арасынан екі қасқыр мені көріп, екі жаққа тырымы-тырақай қашып кетті. Қара айғыр сол екі жыртқышпен түні бойы арпалысып, үйірін қорғап батпақ тері шыққаны маған түсінікті болды, — деп дастарқанға қойған кесені қайта қолына алды.

Бұл оқиғаға құлақ салып тындап отырған Ұлтекең:

- Қара айғырдың әкесі де текті жылқы еді. Оны қыста мінбейтінбіз, алдыңғы екі аяғын тағалап, үйірінде қалдыратынбыз. Ол да талай рет қасқырмен арпалысқан, үйірінен бір де жабағыны жегізбеген тарпаң боз еді. Биелерге артылып қойып, үйірінің артынан ере беретін айғыр, айғыр емес, ол маубас жылқы. Нақтылы айғырлар андағы қара айғыр сияқты жыртқыштан үйірін қорғайтын жіңітті болу керек. Жаңадан айғыр қойғанда осы қасиетін еске алу шарт. Басқа айғыр қайырган үйірге жаңа сәуірік қосқанда, жаңа айғыр биелерден туған жас құлындарды шайнап өлтіретін жаман мінез шығаруы әбден мүмкін. Әсіресе жылқы тектес жануарлар мен жыртқыш аңдарда өзінің ғана ұрпағын өсіріп көбейтуге ұмтылатын жайсыз тума түйсік болатын сияқты. Осыны да естеріңнен шығармаңдар!

Шай ішіліп болып, дастарқан жиналып, бата істелді. Ұлтекең Жұмаханға тіке қарап, айтайын дегендерін бастап кетті: - Ертең барлық жылқышыларды ертіп жылқыға аттанасың! Асықпай-аптықпай жылқыны жинай жүріп, түгендеп алыңдар. Өлгі топтан жеке бөлініп, саяқ жүретін торы айғырдың үйірі қалып қоймасын. Құлпыны ертерек туған үйірлерді түгелдей осында айдап қайтыңдар. Бие байлайтын уақыт болды ғой, құлындар асаусымай тұрғанда тездетіп жуасытып алайық, бұйырса қымыз ішейік. Үйірдегі тайларды біреуін де қалтырмай бірге айдап келіңдер! - деп төптіштеп тапсырды.

Екі күннен кейін шұрқыраған

көп жылқы айдалып келіп, ауыл жанындағы аумақты көк жасаңға байырқаланды. Кеше ғана тұрғызған ағаш қораға үйірлерді бір-бірден енгізіп, тайларды ғана қалтырып басқаларын шығарып жатыр. Ең соңында қашқалақтап қораға жоламай жүрген жирен айғырдың үйірін қаумалап айдап енгізіп, тайларын жеке-леген соң оларды да қорадан шығарып жіберді. Ұлтарак бай қорада қалған тайларды ішінен санап шығып, жеткілікті екеніне марқайып қалды. Жігіттеріне қазық қағып, бие бау тартып, құлындарды ұстап байлауды әмір етті. Өзі үйіне қарай бет бұрып, жаңа ғана ұстаған құнанын ерттеп мінген немересін қасына шақырып келтіріп:

- Сен балам, маңайымызда жайлап отырған ауылдарға барып, тайы жоқ өзіңнің жолдас-жораларыңа «атам сендерге тез келсін» деп жатыр де. Келгенде тай жетектеп қайтатын арқан, жіптерін бірге ала келуін сұра. Және басқа ауылдың мінері жоқ ұлдарын да, сөзін ары қарай сабақтай түсіп:

- Үлкен қара айғырдың үйірін Шолақ дараға жеке салғанбыз. Алдыңғы күні төңертең, күн ұясынан жаңа ғана көтеріле берген шақта осы үйірінде жағдайын білгелі әдейі барған едім. Қара айғыр сүмек болып терлеп, үйірінен шашау шығармай қайырып жүргенін көріп, бір жағдай туындағанын пайымдадым. Үйірден алыс емес бұтаның арасынан екі қасқыр мені көріп, екі жаққа тырымы-тырақай қашып кетті. Қара айғыр сол екі жыртқышпен түні бойы арпалысып, үйірін қорғап батпақ тері шыққаны маған түсінікті болды, — деп дастарқанға қойған кесені қайта қолына алды.

Бұл оқиғаға құлақ салып тындап отырған Ұлтекең: - Қара айғырдың әкесі де текті жылқы еді. Оны қыста мінбейтінбіз, алдыңғы екі аяғын тағалап, үйірінде қалдыратынбыз. Ол да талай рет қасқырмен арпалысқан, үйірінен бір де жабағыны жегізбеген тарпаң боз еді. Биелерге артылып қойып, үйірінің артынан ере беретін айғыр, айғыр емес, ол маубас жылқы. Нақтылы айғырлар андағы қара айғыр сияқты жыртқыштан үйірін қорғайтын жіңітті болу керек. Жаңадан айғыр қойғанда осы қасиетін еске алу шарт. Басқа айғыр қайырган үйірге жаңа сәуірік қосқанда, жаңа айғыр биелерден туған жас құлындарды шайнап өлтіретін жаман мінез шығаруы әбден мүмкін. Әсіресе жылқы тектес жануарлар мен жыртқыш аңдарда өзінің ғана ұрпағын өсіріп көбейтуге ұмтылатын жайсыз тума түйсік болатын сияқты. Осыны да естеріңнен шығармаңдар!

Шай ішіліп болып, дастарқан жиналып, бата істелді. Ұлтекең Жұмаханға тіке қарап, айтайын дегендерін бастап кетті: - Ертең барлық жылқышыларды ертіп жылқыға аттанасың! Асықпай-аптықпай жылқыны жинай жүріп, түгендеп алыңдар. Өлгі топтан жеке бөлініп, саяқ жүретін торы айғырдың үйірі қалып қоймасын. Құлпыны ертерек туған үйірлерді түгелдей осында айдап қайтыңдар. Бие байлайтын уақыт болды ғой, құлындар асаусымай тұрғанда тездетіп жуасытып алайық, бұйырса қымыз ішейік. Үйірдегі тайларды біреуін де қалтырмай бірге айдап келіңдер! - деп төптіштеп тапсырды.

Екі күннен кейін шұрқыраған көп жылқы айдалып келіп, ауыл жанындағы аумақты көк жасаңға байырқаланды. Кеше ғана тұрғызған ағаш қораға үйірлерді бір-бірден енгізіп, тайларды ғана қалтырып басқаларын шығарып жатыр. Ең соңында қашқалақтап қораға жоламай жүрген жирен айғырдың үйірін қаумалап айдап енгізіп, тайларын жеке-леген соң оларды да қорадан шығарып жіберді. Ұлтарак бай қорада қалған тайларды ішінен санап шығып, жеткілікті екеніне марқайып қалды. Жігіттеріне қазық қағып, бие бау тартып, құлындарды ұстап байлауды әмір етті. Өзі үйіне қарай бет бұрып, жаңа ғана ұстаған құнанын ерттеп мінген немересін қасына шақырып келтіріп:

- Сен балам, маңайымызда жайлап отырған ауылдарға барып, тайы жоқ өзіңнің жолдас-жораларыңа «атам сендерге тез келсін» деп жатыр де. Келгенде тай жетектеп қайтатын арқан, жіптерін бірге ала келуін сұра. Және басқа ауылдың мінері жоқ ұлдарын да, сөзін ары қарай сабақтай түсіп:

- Үлкен қара айғырдың үйірін Шолақ дараға жеке салғанбыз. Алдыңғы күні төңертең, күн ұясынан жаңа ғана көтеріле берген шақта осы үйірінде жағдайын білгелі әдейі барған едім. Қара айғыр сүмек болып терлеп, үйірінен шашау шығармай қайырып жүргенін көріп, бір жағдай туындағанын пайымдадым. Үйірден алыс емес бұтаның арасынан екі қасқыр мені көріп, екі жаққа тырымы-тырақай қашып кетті. Қара айғыр сол екі жыртқышпен түні бойы арпалысып, үйірін қорғап батпақ тері шыққаны маған түсінікті болды, — деп дастарқанға қойған кесені қайта қолына алды.

Бұл оқиғаға құлақ салып тындап отырған Ұлтекең:

- Қара айғырдың әкесі де текті жылқы еді. Оны қыста мінбейтінбіз, алдыңғы екі аяғын тағалап, үйірінде қалдыратынбыз. Ол да талай рет қасқырмен арпалысқан, үйірінен бір де жабағыны жегізбеген тарпаң боз еді. Биелерге артылып қойып, үйірінің артынан ере беретін айғыр, айғыр емес, ол маубас жылқы. Нақтылы айғырлар андағы қара айғыр сияқты жыртқыштан үйірін қорғайтын жіңітті болу керек. Жаңадан айғыр қойғанда осы қасиетін еске алу шарт. Басқа айғыр қайырган үйірге жаңа сәуірік қосқанда, жаңа айғыр биелерден туған жас құлындарды шайнап өлтіретін жаман мінез шығаруы әбден мүмкін. Әсіресе жылқы тектес жануарлар мен жыртқыш аңдарда өзінің ғана ұрпағын өсіріп көбейтуге ұмтылатын жайсыз тума түйсік болатын сияқты. Осыны да естеріңнен шығармаңдар!

Шай ішіліп болып, дастарқан жиналып, бата істелді. Ұлтекең Жұмаханға тіке қарап, айтайын дегендерін бастап кетті: - Ертең барлық жылқышыларды ертіп жылқыға аттанасың! Асықпай-аптықпай жылқыны жинай жүріп, түгендеп алыңдар. Өлгі топтан жеке бөлініп, саяқ жүретін торы айғырдың үйірі қалып қоймасын. Құлпыны ертерек туған үйірлерді түгелдей осында айдап қайтыңдар. Бие байлайтын уақыт болды ғой, құлындар асаусымай тұрғанда тездетіп жуасытып алайық, бұйырса қымыз ішейік. Үйірдегі тайларды біреуін де қалтырмай бірге айдап келіңдер! - деп төптіштеп тапсырды.

Екі күннен кейін шұрқыраған

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Тарауымы 1206 дана. Тапсырыс 1028 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ӨРТ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ!

АДАМ ӨМІРІНЕ, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ОРАСАН ШЫҒЫН ӨКЕЛЕТІН ӨРТ ОҚИҒАСЫ ДЕП АЙТЫЛЫП, ЖАЗЫЛҒАНЫМЕН ӨЛІДЕ БОЛСА НЕМҚУРАЙЛЫҚПЕН ҚАРАУДАМЫЗ. СОНДЫҚТАН, ОСЫ КЕЗДЕ ӨРТ ҚАУІПІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗІП ОНЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖАСАП ОТЫРУҒА ТИІСПІЗ. ЕҢ БАСТЫ МАҚСАТ - АДАМ ӨМІРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮЛКІН ӨРТТЕН ҚОРҒАУ.



Мысалы: 2024 жылдың басталысымен бүгінгі күнге дейін ауданымызда тұрғын үй секторындағы өрттердің 7 фактісі, автокөліктегі өрттердің 1 фактісі және мемлекеттік орман қорындағы өрттердің 2 фактісі тіркелді. Өрттердің пайда болу себебі: автокөліктегі электр сымдарының тұйықталуы – 1; тұрғын үйдегі электр желілерінің қысқа тұйықталуы – 2; тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығы – 2; балалардың сіріңкемен ойнауы – 2; найзағайдың түсуі салдарынан – 2; цистернаның жарылуының 1 жағдайы анықталды. Бұдан көретініміз, өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адами фактордан, яғни, тұрғындармен от қолдану кезіндегі абайсыздықтан, балалардың сіріңкемен ойнауынан, атап айтсақ ағымдағы жылдың 18 шілдесі мен 03 тамызында балалардың сіріңкемен ойнауы салдарынан Ойыл селосы мен Қарасу

ауылының тұрғын үйлердің ауласында жиналған шөптері өртенді. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау және оттық пен сіріңкелерді балалардың қолы жететін жерде қалдырмауды, балаларды қараусыз қалдырмау қажет екендігін ескертеміз!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстит, гетинакс) орнатылады.
2. Сымдар мен кәбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дөнекерлеу, балқытып біріктіру

немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

3. Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегу және плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.
4. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және уәскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.
- Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді.
5. Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жем-шөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта жинау;

6. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан 50 м кем болатын арақашықтықта іске асыруға тыйым салынады. Сонымен қатар автокөліктері өрт қауіпсіздігі жөнінде айта кетуді де жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі пайда болады. ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады:

- Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;
- Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, әсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз;
- Өзіңізбен бірге әрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз;
- Тәжірибе көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді.

Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Құттықтау

ОЙЫЛ АУЫЛЫ, КӨКЖАР КӨШЕСІ №38 ҮЙ ТҰРҒЫНЫ ҚОҢЫРБАЙ ҰЛЫҚПАНҰЛЫ!

Сізді, 10 тамыз күнгі 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақытың, ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы пайғамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы, соңғы жылдары музей саласына қосқан үлесіңіз өлшеусіз. Сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан ұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, тағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап жүре беруіңізге музей ұжымы әрқашан тілектеспіз.

ИГІ ТІЛЕКПЕН: Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІ ҰЖЫМЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ТАРАПТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП БАР!



Елімізде мемлекеттік қызмет алу кезінде азаматтардың сұранысын барынша қанағаттандыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімді жүйесін құрастыру бойынша мәселесі шешілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік органдарымен көрсетілетін қызметтердің деңгейін және сапасын талап ету мүмкіндігі бар екенін біледі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КЕЛЕСІ ҚАҒИДАТТАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ:

- қызмет алушыларға бірдей қол жетімділігі,
- мемлекеттік қызметті көрсету кезінде төрешілдік пен қағаз бастылықтың белгілеріне жол бермеу,
- мемлекеттік қызмет көрсету саласында есеп берушілігі және айқындығы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қол жетімділігі,
- мемлекеттік қызмет көрсету процесін жетілдіру,
- мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемшілдік пен тиімділігі.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен халыққа келесі мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі:

- «Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтық санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;
- «Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарға және санитариялық-қорғанушы аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат

етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төнгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;

- «Тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру»;

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік қызметтердің әлеуметтік маңыздылығын және бағыттарын ескере отырып, қызмет алушылардың жыл сайынғы өсімі халық арасында қажеттілігін растайды.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы, ақпараттық ілесімен байланысты болады. Халықтың хабардар етілуін арттыру, қолжетімділігін кеңейту және айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтердің түрлі категориялардың қатысуымен ашық есік күндері, семинарлар өтеді. Барлық қажетті ақпараттар, оның ішінде қызметтердің стандарттары мен регламенттері санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының интернет-ресурсында берілген.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының кеңсесінде бірінші қабатта, көзге көрінетін жерде, әрбір қызмет бойынша ақпараттық стендтері орнатылған.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және уақтылы көрсетілуін одан әрі арттыру мәселелері үнемі бақылауда тұр, оларды көрсету тәртібінің бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қолданылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер ақысыз негізінде көрсетіледі.

Ф. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ КӨҢІЛДІ!

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ АСЫҒА КҮТЕРІ ОЛ АНЫҚ. ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛЫСЫМЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬЛЕРГЕ БАРУҒА АСПАҒАДЫ.



Жазғы демалысты тиімді, әрі қызықты өткізу мақсатында Тайсойған негізгі мектебінің жанынан ашылған «Шаттық» лагері де өз оқушыларына «жазғы сыйын» ұсынды. Лагерь танымдық-спорттық бағытта ұйымдастырылды. Биылғы 2023-2024 оқу жылында маусым айының 3-15 аралығында «Шаттық» лагерінде 1-8 сынып бойынша 31 оқушыны жазғы лагерде қамтыды. Лагерьдің ашылуы Халқаралық балаларды қорғау күніне орай «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында концерттік бағдарламамен ашылып, концерт соңында оқушыларға тәттілер мен балмұздақтар таратылды. Одан әрі күнде жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, тренингтер ұйымдастырылды. Әр күнді бір-біріне ұқсамай-


тындай, демалушы оқушыларымыз жалықпайтындай етіп түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Оқушыларға спорттық ойындар, квест ойындары сонымен қатар таза ауаға серуендеп, саяхаттарға шығуда жоспарланды. Оқушылар өн айтып, би билеп, демалыс лагерінің жұмысын қыздыра түсті. Музыкалық, спорттық, шығармашылық және интеллектуалдық сайыстарға да белсене қатысты. Балалардың көңілді демалып жатқандығы жүздерінен көрініп тұрды. Лагерьдің жабылу салтанатына орай оқушылар керемет табиғат аясына шығып, есте қаларлықтай әсер алды. Жазғы демалыс оқушыларымыздың көңілдерінен шықты деп ойлаймыз. Әр жаз сайын оқушыларымызды асыға күтеміз.

Э.БИСЕНОВА, Тайсойған негізгі мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЭХИНОКОККОЗ

Ауданымызда ағымдағы жылы эхинококкоз ауруымен 1 адам ауырып тіркелді. Адамдар эхинококкозы – ауыр, асқынған кезде өліммен аяқталатын құрт ауруы. Үй жануарлары арқылы тасымалданатын паразитті ауру. Эхинококк – іші сұйыққа толы, сырты қабықты көпіршікті дене. Эхинококк иттің ішегінде өмір сүреді. Жұмыртқалары нәжіспен бөлініп суды, топырақты және иттің жүнін ластайды. Жерге түскен жұмыртқалары қоршаған ортада өмір сүруге өте төзімді. Сумен, тамақпен ауыл шаруашылығы жануарларының ішегіне түседі. Содан барып бауырға және өкпесіне түседі. Малдың ауру жұқтырған мүшесін итке берген уақытта жұғады. Адамдар құрттың жұмыртқаларын сумен, тамақпен және лас қол арқылы жұқтырады. Мал аулада жатқан иттен бөлінген жұмыртқалар малдың жүніне түсіп, одан барып малдың жүнін қырку кезінде, сиыр сауғанда адамның қолына түседі. Эхинококк қоздырғыштары адамның кез келген мүшесін зақымдауы мүмкін, әсіресе бауыр мен өкпе зардап шегеді, сөйтіп эхинококкоз ауруы пайда болады. Эхинококкоз қоздырғышы бар-

лық іш құрылысқа жайылып және одан әрі асқынуы мүмкін. Адам эхинококкозбен ауырғанда әртүрлі белгілер байқалады. Мысалы, бауырды зақымдаса, адамның оң жақ бүйірі ауырып, әлсіздік, эхинококк өкпеге түссе, адам енгігіп, жөтеледі, түкірігінде қан пайда болады. Ауруды ауруханада емдейді. Ауру клиникалық, рентгенологиялық және зертханалық жолмен анықталады. Эхинококкоздың емі - хирургиялық операция қазіргі кезде эхинококктың бірден-бір емі. Эхинококкоздың алдын алу бірінші кезекте қаңғыбас және иесіз иттермен күрес жүргізу және міндетті түрде жылдына 2-3 рет иттерге құрттарға қарсы дәрілеу жүргізілуі қажет. Гигиеналық ережелерді сақтау қажет: -Ит- мысықты ұстағаннан кейін, -Жануарлардың терісін сыпырғанда -Бақшада жұмыс жасағаннан кейін -Тамақ ішер алдында қолды мұқият жуу. Тағамға жуылмаған көкөніс, жемістерді қолданбау, өзен суларын жұтпау, ашық су қоймаларын және шалшық суды ішпеу.



ОЙЫЛ АУДАНЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ